

FTAXP 14.35.07

СТУДЕНТ-БИОЛОГТАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ «КЕЙС-СТАДИ» ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ

Р.А. Аманжолов¹, К.Ш. Бәкірова², С.К. Иманкулова³

¹«6D011300-Биология» 3-курс PhD-докторанты, ²п.ғ.д. профессор, ³б.ғ.к. профессор
^{1,2,3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
email: abai.rus@gmail.com

Мақалада педагогикалық жоғары оқу орнында студенттерге биология пәнінен ағылшын тілінде сабақ беру барысында оқытудың «кейс-стади» интербелсенді әдісін қолданудың мүмкіндіктері сөз болған. Сол сияқты мақалада көптілділіктің проблемалары мен жағымды жақтары айтылған. Қазақстанның тілдерді қолдану аясында көптілділік қашан да талассыз сипатты иеленгендігі мәлім. Мақалада кейстерді шешу сатылары келтірілген, бұл әдісті оқыту үдерісінде қолдану тиімділігі негізделген. «Кейс-стади» студент-биологтардың оқуға деген құлшынысты тудыруға бағытталғандығы айтылған, сол сияқты бұл әдістің білімді өздігінен игеруге және кәсіби жұмысқа деген тәжірибе жинауға тигізетін игі әсері сөз болған.

Тірек сөздер мен жекелеген түсініктер: тілдердің үштұғырлығы; көптілді білім беру; биологияны ағылшын тілінде оқыту; кейс-стади әдісі; студент-биологтар

Қазақстан Республикасының инновациялық білім беру саясаты 2004 жылдан бастап көптілді білім беру бағдарламасының белсенді түрде жүзеге асырылуымен сипатталады. Көптілді білім берудің заңнамалық негізі келесі құжаттарда негізделген: ҚР Конституциясында; Қазақстан Республикасының «Білім беру заңында» [1] және «Тіл туралы заңында» [2]; «2011-2020 жылдар арасында тілдерді қолданудың және дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында» [3]. 2007 жылдан бастап Елбасының жарлығына сәйкес Қазақстанда «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын жүзеге асыру жұмыстары жүргізіліп келеді [4].

Білім беру саласында инновациялық өзгерістер енгізу қарқыны жағынан Қазақстан Республикасы алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып саналады. Мұндай жаңалықтарды енгізудің бастамасы ретінде «Назарбаев зияткерлік мектебі» Акционерлік қоғамы тарапынан жүзеге асырылған британдық оқу әдебиетін жаппай пайдалануға ендіруді айтуға болады.

Өзара тығыз байланыстағы әлем жағдайында республикалық білім беру жүйесінің жалпылама компоненттерінің әрі жас ұрпақты даярлаудың негізгі және аса тиімді жолдарының бірі көптілді білім беру тәжірибесі болып табылады. Қазақстан Республикасы аумағында білім беру ісіне көптілділікті енгізу елдің орнықты даму үдерісінің тұрақты сипат алуына өз септігін тигізуде. Мұның нәтижесінде аталған бағытта бірқатар жағымды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктер туып отыр. Қазақстан өзінің біліктілік дәрежесін шетелдік университеттерде көтеруге мүмкіндік алған оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қаржыландырған бірден бір мемлекет болып табылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында орта мектептерде сабақ беретін көптілді педагогикалық мамандарды бағдарлы да арнаулы түрде даярлау шаралары жүзеге асырылуда. Сондықтан да Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде дәріс берілетін кәсіби пәндер саны жыл санап артып келеді.

Біздің университетте де (Абай атындағы ҚазҰПУ-да) білім беру үдерісіне көптілділікті енгізу шараларын жүзеге асырудың ұтымды саясаты жолға қойылған. Осы мақсатта профессор-оқытушылар құрамының басым бөлігі ағылшын тілінің арнаулы курстарынан өтті. Бұл жайт бұрын орыс немесе қазақ тілдерінде оқылатын авторлық пәндерді оқытуды енді ағылшын тілін жетік меңгерген оқытушылар тарапынан жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, біздің университетте биология мамандығында оқып жатқан студенттерге төмендегі пәндер бойынша оқылатын дәрістер енді ағылшын тілінде берілуде: «Кәсіби бағдарланған шет тілі», «Биологияға кіріспе» (осы мақаланың авторларының бірі Р.А.Аманжолов бұл пәндерді I курс студенттеріне

оқиды), «Ботаника», «Өсімдіктерді жүйелеу», «Экология негіздері», «Биохимия», «Эволюция теориясы», «Генетика және селекция», «Биогеография», «Топырақтану негіздерін қамтыған қолданбалы биология», «Қазақстанның биологиялық ресурстары және оларды қорғау», «Омыртқасыздар зоологиясы», «Омыртқалылар зоологиясы», «Адам және жануарлар физиологиясы», «Биология бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жоспарлауды ұйымдастыру» және т.б. Типтік оқыту жоспарларының базалық пәндері тізіміне «Кәсіби бағдарлы шет тілі», «Кәсіби қазақ/орыс тілдері» енгізілген.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы сөз болып отырған тәжірибені бірден қолдай қоймағандығын атап көрсетуге тиістіміз. Бұл жайт, бірінші кезекте, оқыту үдерісінде қосымша қиындықтар туындауымен тығыз байланысты болды. Бұл қиындықтар екі бағытта көрініс берді: біріншіден, жаңа саясат оқытушының да студенттердің де үш тілді де (қазақ, орыс, ағылшын тілдерін) жақсы меңгеруін қажет етті; екіншіден, көптілді білім беру сапасын дәйім бақылап отыру қажеттілігі туындады, яғни бақылау индикаторлары мен құралдарын анықтау, бақылау жүргізу ережелері мен бақылау жүйесін нақтылау, т.с.с. мәселелерді шешу қажет болды.

Көптілді оқу топтарында оқытындардың саны жыл санап өсу үрдісі дипломнан кейін білім алушылар бағдарламасы бойынша мемлекеттік сұраныс көлемінің өсуімен анықталып отыр. Мұндай талапкерлер университетке қабылдау емтихандарын ағылшын тілі және биология бойынша тапсырады. Шет тілі бакалавриаттың, магистратураның және PhD-докторантураның модульдік білім алу бағдарламаларында базалық пәндер цикліне енгізілген, үш тілде сабақ беретін педагогикалық мамандар дайындаудың типтік оқыту бағдарламаларына жыл сайын өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отырады. Бұл іс-шаралардың бәрі де бірқатар мақсат-мүдделерді көздейді, олар: білім беру сапасын әлемдік стандартпен сәйкестендіру; магистратура мен PhD-докторантура бағдарламаларын «Double Degree» (қос диплом) ауқымында дамыту; ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлыққа қол жеткізу, ол үшін студенттердің, магистранттардың және PhD-докторанттардың Еуропа университеттерінде, сол сияқты алыс-жақын шет елдердің жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтуіне жағдай жасау. Аталған университеттермен, өзге де жетекші білім беру орталықтарымен халықаралық қатынастар орнату білім беру саласында аса қажетті тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретіндігі даусыз.

Жоғары оқу орнында көптілділікті табысты түрде дамыту үшін сол көптілділікті ұйымдастыру үдерісінде туындауы мүмкін алуан түрлі жағдайларды қатаң ескеру аса маңызды. Мұндай жағдайларға жататындар: оқытушының нақтылы бағдарланған ағылшын тілі бойынша біліктілігінің жетімсіз болып шығуы; топтағы студенттердің тілді меңгеру деңгейінің әртүрлі болуы; аталған жоғары оқу орнында толыққанды оқу-әдістемелік жұмысты жүргізуге қажетті материалдық-техникалық базаның болмауы немесе жетімсіздігі; мінсіз оқыту бағдарламаларының болмауы; оқу орындары тарапынан шетелдік оқыту бағдарламалары мен дидактикалық материалдардың ешбір жүйесіз пайдаланылуы. Ең басты мәселенің бірі – оқыту бағдарламаларында пән оқытушылары мен тіл мамандары арасындағы өзара байланыстың жеткіліксіз дәрежеде анықталуы салдарынан осы байланыстың мүлдем жетімсіз болуы.

Көптілділік идеясының табысты болуының бірден бір шарты – оқытушылар мен студенттердің білімі мен машығын жоғарылатуға бағытталған арнаулы ынталандыру шараларын қарастырудың қажеттілігі. Академиялық ұтқырлықты дамыту Болон декларациясы қағидаттарының жүзеге асырылу дәрежесін анықтайтын бірден бір көрсеткіш - қиндикатор болып табылады. Қазақстанның Болон үдерісіне араласуы кәсіби біліктілікті жетілдіруде шет ел тілдерін іс-тәжірибеге енгізу қажеттілігін айшықтай түседі.

Қазақстанда көптілділікті дамыту ісінің мәселелерімен қатар бұл тәжірибенің жағымды жақтарын да атап көрсеткен жөн. Мәселен, бүгінгі таңда шет ел тілдерін оқытудың әртүрлі деңгейлік әдістемесі енгізілген, көптілділіктің әдістемелік базасы (пәндердің қазақ-орыс-ағылшын тілдеріндегі оқу-әдістемелік кешендері, модульдер, силлабустар, жұмыс бағдарламалары, т.с.с.) жасақталған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі елдің жоғары оқу орындарында жұмыс істеуге шетелдік ғалымдар мен оқытушыларды кеңінен тарту шараларын тәжірибеге енгізіп отыр. Көптілді мамандар даярлау мақсатында халықаралық ынтымастық

шаралары жолға қойылған. Мәселен, университетіміздің 90-жылдық мерейтойына орай оның қабырғасында Италиядан, Германиядан, Нидерландыдан, Польшадан, Түркиядан және Франциядан келген оқытушылар мен мамандар дәріс оқыды. ҚР жоғары оқу орындары студенттерінің академиялық ұтқырлығын қалыптастыру, шет елдермен ғылыми және мәдени байланыстар орнатуды одан әрі жандандыру, оқыту үдерісін көпұлттандыру шаралары кең көлемде қаржыландырылуда.

Қазақстан Республикасында қостілділікті табиғи тұрғыдан қалыптастыру шаралары қашан да талассыз алғышарт рөлін атқарып келгендігі белгілі. Ағылшын тілін үйренуге деген жаппай құлшынысты қалыптастыру біздің қоғамның әлемдік қауымдастық елдерімен арадағы қарым-қатынасты одан әрі жетілдіруге деген игі ниетінен бастау алады. Ағылшын тілінің қолдану аясы жыл өткен сайын кеңейіп отыруы біздің жастарымыздың осы тілді меңгеруге деген құлшынысын еселеп арттыруда.

Кейбір мемлекеттерде, мәселен, ежелден қостілді елдерде (Канада, Бельгия, Швейцария т.б.) немесе жыл сайын босқындар ағымын толассыз қабылдап жатқан елдерде (АҚШ, Германия т.б.) көптілділікті қолдану бағытында айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Қазақстан Республикасындағы көптілділік бағдарламасының тиімділігін арттыру мақсатында жоғарыда аталған мол тәжірибені оқып үйрену өте маңызды.

Соңғы жылдардағы биолог-студенттерді көптілділікке үйретудің ең тиімді әдістерінің бірі кейс-стади әдісін қолдану екендігін күнделікті іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Биологиялық кейстердің басты артықшылығы – олардың көмегімен теория мен іс-тәжірибені оңтайлы түрде ұштастыруға болатындығы. Мұндай ұштастыру биолог мамандарды даярлау ісіндегі аса маңызды шарттардың бірі екендігі күмән туғызбаса керек. Бұл әдіс жөнінде Л.В.Сокольская деген ғалым былай деп жазады: «Бүгінгі таңда жоғары оқу жүйесіне кейс-әдістер деп аталатын оқыту әдістерін енгізу тиімді, бұл әдіс нақты жағдайларды ескеруге негізделген нақты жағдайлық білім берудің заманауи технологиясы болып табылады» [5].

Оқыту үдерісінде кейстерді пайдалану бүгінде ғылымның бірнеше бағыттары бойынша – педагогикада, психологияда, медицинада, заңтануда, биологияда, т.с.с. қолданылуы мүмкін. Бұл әдістің экономикалық ғылымдар бағытында оқыту ісінде кеңінен қолданылатыны белгілі болып отыр. Жаратылыстану және техникалық пәндерді, атап айтқанда, ақпараттануды оқытуда бұл әдісті қолдануда айтарлықтай қиындықтар туындайды екен, себебі бұл бағытта кейстердің арнаулы түрлерін жасақтау қажет болады [6].

Оқытушылардың көпшілігі биология пәндерінен ағылшын тілінде сабақ беру барысында кейс-технологияны қолдану тәжірибесін енгізуге аса қатты мүдделі емес екендігі байқалады. Мұның екі түрлі себебі бар: 1) кәсіби «кейс» мазмұнына арнаулы жағдайлар енгізілетін болса, студент сұрақ ретінде қойып, алайда оқытушы жауабын еш қиындықсыз таба қоюы екіталай талай-талай сұрақтардың туындау мүмкіндігінің жоғары болуы; 2) бұл әдісті қолдану кезінде оқытушының қызметі айтарлықтай өзгерістерге ұшырауы – оның сабақ беруде жетекші рөл атқаратын оқытушы дәрежесінен жай ғана үйлестіруші дәрежесіне дейін төмендеп кетуі.

Солай бола тұрса да, «кейс-стади» әдісіне тән бірқатар артықшылықтар біздерге бұл әдісті оқыту үдерісіне кеңінен енгізуге себепші болды. Атап айтқанда, кәсіби кейстерді оқыту үдерісіне пайдалану төмендегідей жағымды нәтижелер беретіндігі белгілі болды:

– студенттердің ұйымдастырушылық қабілетін жетілдіреді, себебі «кейстер» мейлінше мол ақпараттарды жинақтайды, бұл ақпараттарды әртүрлі жағдайдың қисындық үзінділеріне (фрагменттеріне) топтастыра отырып, олардан туындайтын мәселені анық байқауға мүмкіндік туады;

– студенттердің сыни және креативті ойлау мүмкіндіктерін дамытады;

– студенттердің коммуникациялық машығын қалыптастырады және дамытады, себебі «кейстерді» пайдалану жазбаша және ауызша түрде пікір алмасу үдерісін жақсарта түсуге көмектеседі;

– студенттердің басқару (келіссөздер жүргізуге, қызметтік кеңестер мен тұсаукесерлер өткізуге, т.с.с.) машығын қалыптастырады және дамытады;

– студенттердің кәсіби (биологиялық мәселелер бойынша) пікірлесу шараларына кеңінен араласуын талап ете отырып, олардың нақты өмірлік оқиғаларды түйсінуіне мүмкіндік береді;

– студенттерді ұжымдық әрекеттерге араласуға және көптілді ортада нақты команда құрамында жұмыс істей білуге машықтандырады.

Кейс-стади мәселелерін шешу барысында іс-шаралардың арнайы кезектілігі жүзеге асырыла отырып, шешілетін мәселелер сатылы түрде орындалады.

Міндетті түрде жүзеге асырылуы тиіс алғашқы кезең – жобаланып отырған жағдайға толық кіре отырып, сол жағдаймен тереңірек және кеңінен танысу.

Келесі кезең – басты шешуші мәселені және нақты өмірлік жағдайға тікелей әсер ететін негізгі факторларды анықтай білу.

Үшінші кезең – нақты жағдайдан абыроймен шығудың балама нұсқаларын таба білу, «мидың шабуылын» қажет ететін ең басты тақырыпты дөп басу.

Төртінші кезең – қарастырылып отырған жағдайдың мүмкін деген нәтижелерін немесе қалыптан ауытқу дәрежесін талдай білу, оны шешу үшін объективтік және субъективтік тұрғыдан жүйеленген өзгеше шешім қабылдау.

Бесінші кезең – қорытынды кезең, ол кейсті шешудің дәйекті жолдарын немесе өзге нұсқаларын ұсынумен анықтала отырып, бұл ретте туындауы мүмкін мәселелер мен олардың мүмкін деген нәтижелерін тани білумен, ондай проблемаларды болдырмау механизмін немесе оларды табысты шешу жолдарын ұсына білумен ерекшеленеді [7].

Кейс технологиясын биологияны оқытуда қолдану ерекшеліктерін төменде ұсынып отырған сабақ әдістемесінен көруге болады.

Сабақ тақырыбы: Фотосинтез. Тыныс алу.

Сабақ мақсаты: Өсімдіктердің тыныс алу ерекшеліктерімен таныстыру. Фотосинтез үдерісін түсіндіру.

Сабақтың әдісі: Кейс технологиясы.

Кіріктірілген пәндер: Ағылшын тілі. Химия.

Сабақта қолданылатын материалдар: PPP, Плакаттар, кітап. Бейне проектор.


Биология бойынша кейс -тапсырма. «Фотосинтез. Тыныс алу».

Ертеде өте ауқатты әйел (rich lady) өсімдік ауаны тазалайтынын естіп алып, қызметкерлеріне қысқы бақтан желдетілмейтін жатын бөлмесіне, тропикалық өсімдіктері бар бес үлкен ваннаны әкелуді бұйырады.

Таңертең ханым бас ауруымен оянған. Осыдан кейін ол өсімдіктер ауаны тазартпайды, керісінше оны бүлдіреді деп дау айта бастайды.

Тапсырма: Жағдайды түсіндіріп беру. Фотосинтез дегеніміз не және ол үшін қандай жағдайлар қажет? Фотосинтезді табиғаттың керемет өнертабысы деп санауға бола ма? Өсімдіктің жасыл жапырақтарында фотосинтез процесі жүретіндігін іс жүзінде қалай дәлелдеуге болады? Тыныс алудың маңызы қандай? Тыныс алғанда өсімдіктерде не болады? Фотосинтез бен тыныс алу процестерін салыстырыңыз.

Тапсырманы орындау барысында қосымша бейне (<https://www.youtube.com/watch?v=tSHmwIZ9FNw>) және фото (1-сурет) материалдар көрсетіледі.



1-сурет. Кейс әдісімен фотосинтез тақырыбын оқыту ерекшеліктері

Студенттер тапсырманы орындап болғаннан кейін мұғалім қорытындылап, бағалайды.

Сонымен, «Кейс-стади» биолог-студенттердің оқуға деген құлшынысын арттыра отырып, олардың білімді өздігінен игеруіне және кәсіби жұмыс тәжірибесін жинақтауына игі әсерін тигізетін болады. Биолог-студенттерге көптілді ортада кейс-стадиды қолдану тәжірибесі бұл әдістің нақты туындаған жағдайды жан-жақты талдауға негізделген өте күрделі үдеріс екендігін көрсетті. Бұл үдеріс кейстің түпнегізін құрайтын мәселелерді белсенді түрде және мұқият зерделеу, оларды кеңінен талқылау және бағалау шараларымен орайластырыла отырып, нәтижені болжай білумен және мәселені шешумен анықталмақ. Кейсті шешу студенттердің нақты биологиялық ортадағы іс-әрекеттерін қадағалау шараларымен анықталады.

«Кейс-стади» оқытудың интербелсенді әдісі болып табылады, ол білім берушілер мен білім алушылар арасындағы пікір алмасудың белсенді түрде жүзеге асырылуын талап етеді. Бұл жайт студенттердің коммуникациялық машығын қалыптастыруда аса маңызды екендігі күмәнсіз [8].

Шет тілдерді оқып үйренудің жай-жапсарын саралау барысында байқалған қиындықтардың бірі – тіл үйренушілердің көпшілігінің үйреніп жатқан тілінде тілдесуге немесе сөйлесуге ұялатындығы [9]. Олай болса, «кейс-стадиді» студенттерді көптілділікке машықтандырудың, оларды өздері таңдаған кәсіппен жете таныстырудың тиімді тәсілі ғана емес, шет тілін үйренудің жалпылама әдісі деп те қабылдау орынды. Олай дейтініміз, «кейс-стади» «тілдік кедергілерді» жоюға, кәсіби терминологиямен танысуға, жиі қолданылатын тілдік құрылымдарды есте сақтауға, шет тіліндегі қажетті ақпараттарды қиналмай жинақтауға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, «кейс-стади» әдісін жетік меңгеру студенттердің шет тілді жап-жақсы игеруіне және өздері таңдаған мамандық бойынша болашақта толыққанды маман болып шығуына өз септігін тигізеді. Ал бұл дегеніңіз көптілді білім беру жүйесінің ең негізгі мақсаты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920#pos=0;0
2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-I Қазақстан Республикасының Заңы (2018.24.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51008034
3. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) (күші жойылды) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31026860#pos=0;0&sel_link=1006910380
4. Абишева Н.М., Мырзашова А.К. Языковое образование как важный фактор модернизации образовательного кластера Казахстана. Proceedings of the International Scientific Conference "Modern Methodology of Science and Education" (September 18, 2017, Warsaw, Poland)/ Архив публикаций – RS Global <http://archive.ws-conference.com/wp-content/uploads/pw0282.pdf>
5. Сокольская Л.В. Проблемы высшего юридического образования в контексте социокультурных изменений общества // Юридическое образование и наука. 2013. № 3. С. 15-17.
6. Habasisa M., Hlalele D. Using Case Study as a Teaching and Learning Strategy in the Teaching of Economics: A Literature Review. Mediterranean Journal of Social Sciences: MCSER Publishing, Rome-Italy, Vol 5 No 23, November 2014
7. Смолянинова О.Г. Инновационные технологии обучения студентов на основе метода Case Study//Инновации в российском образовании: СПб., М.: ВПО, 2000.
8. Bonney K. M. Case Study Teaching Method Improves Student Performance and Perceptions of Learning Gains. Journal of microbiology and biology education, May 2015, p. 21-28
DOI: <http://dx.doi.org/10.1128/jmbe.v16i1.846>
9. Храмова Ю.Н., Хайруллин Р.Д. Применение метода «кейс-стади» в обучении иностранному языку студентов-юристов неязыкового вуза // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2016. № 2(56): в 2-х ч., Ч. 2. С. 204-207. ISSN 1997-2911 www.gramota.net/materials/2/2016/2-2/59.html

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНОГО МЕТОДА «КЕЙС-СТАДИ» ПРИ ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ-БИОЛОГОВ

Р.А. Аманжолов¹, К.Ш. Бакирова², С.К. Иманкулова³

¹PhD докторант 3 курса «6D011300-Биология», ²д.п.н., профессор, ³к.б.н., профессор
^{1,2,3} Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
email: abai.rus@gmail.com

В статье рассматриваются возможности использования метода интерактивного обучения "кейс-стади" на занятиях по биологии на английском языке в педагогическом вузе. Описываются проблемы и положительные сдвиги полиязычия. Естественное двуязычие исторически всегда было неоспоримой и существенной характеристикой языковой ситуации в Казахстане. В статье приводятся этапы решения кейсов, обосновывается эффективность применения данного метода в учебном процессе. Метод кейс-стади направлен на формирование у студентов-биологов интереса к учебе и позитивной мотивации, стимулирует самостоятельное приобретение знаний и опыта профессиональной деятельности.

Ключевые слова: триединство языков; полиязычное образование; преподавание биологии на английском языке; метод кейс-стади; студенты-биологи

USING THE INTERACTIVE CASE STUDY METHOD IN TEACHING OF BIOLOGY STUDENTS

R.A. Amanzholov¹, K.Sh. Bakirova², S.K. Imankulova³

¹3rd year PhD student, ² Dr. Sci. (Pedagogy), Professor, ³Cand. Sci. (Biology), Professor

^{1,2,3} Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
email: abai.rus@gmail.com

The article discusses the possibility of using the “case-study” interactive learning method in biology classes in English at a pedagogical university. The article deals with the problems and positive shifts of multilingualism. Historically, natural bilingualism has always been an indisputable and essential characteristic of the language situation in Kazakhstan. The article outlines the steps involved in solving cases; substantiates the effectiveness of this method in the educational process. Case study method is aimed at developing biology students' interest in learning and positive motivation, stimulates the independent acquisition of knowledge and professional experience.

Key words: *trinity of languages, multilingual education, teaching biology in English, case study method, biology students.*

Редакцияға 20.06.2019 қабылданды